

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2024 жылғы 23 қыркүйек

Астана қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 55

город Астана

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының
инвестициялық декларациясын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысына
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясында:

25-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының резидент-эмитенттерінің үлестік бағалы қағаздарына инвестициялау – Қазақстан Республикасының қор биржасында және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында және (немесе) нарықтық капиталдандырылуы 3 000 000 000 000 (үш) триллион АҚШ долларынан асатын әлемдік қор биржаларында листинг бар болғанда;».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаменті (Н.А. Тұрсынханов) осы қаулыны «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.М. Молдабековаға жүктелсін.

Төраға

Көшірмесі дұрыс:
Бас маман-Басқарма хатшысы

Т.М. Сүлейменов

Ж.Мұхамбетова